

## Масс-медианың мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі

А. Назарова

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың I курс магистранты, Алматы, Қазақстан

**Аннотация.** Бұқаралық ақпарат құралдарының мемлекеттік тілді дамытудағы рөлі өте жоғары екендігіне соңғы жылдары көзіміз жетіп жүр. Себебі, БАҚ халыққа ең тез таралатын бірден-бір мағлұмат көзі. Мақала «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» алға тарта отырып жазылды.

Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының қызмет ете бастағанына аз уақыт болған жоқ. Сонау жиырмасыншы ғасырдың басында елдің сауатын ашу үшін негізі қаланған «Қазақ» пен «Айқап» газеттерінің қазақ қоғамы үшін маңызы зор болғаны тарихтан белгілі. Сол уақыттан бері ақпарат құралдарының қаншамасы ашылып, кейбіреулері цензураның нәтижесінде жабылып қалды. Оның ішінде партиялық, қоғамдық-саяси, экономикалық, білім мәселелері, денсаулық пен өнер жөнінде, тіпті, әйелдер мен балаларға арналған басылымдар да болды.

Соңғы жиырма жылда бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі күннен-күнге күшейіп келеді. Олардың көтерген мәселелері халық өміріне өз әсерін тигізеді сөзсіз. Өйткені баспасөздің, теледидардың, радионың қызметі оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшенеді.

Елімізде масс-медианың рөліне және оның тіліне байланысты көптеген ой-пікірлер айтылып жүр. БАҚ туралы қазіргі түсінік қандай? Оның қызметінде қандай бағыттар басымдық етуде? Бұқаралық ақпараттық құралы (БАҚ немесе бұқаралық-медиа) дегеніміз: а) бұқараның мінез-кұлқы үлгілерін іріктейтін және шектейтін, соған иландыратын күш; ә) сөздік, бейнелік және музыкалық информацияны жаппай көбейтетін, әрдайым тарататын, ақпаратқа жалпылама бұқаралық сипат енгізетін ұйымдық-техникалық комплекс [1].

Қазақстан өзінің жиырма жылдық тәуелсіздігін артқа тастаған зайырлы мемлекет. Елбасымыздың жыл сайынғы Қазақстан халқына жолдауларында еліміздің экономикасымен қатар, мемлекеттік тілге де аса тоқталып өтеді. Тілдің бүгінгі мен ертеңіне байланысты Президентіміздің Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданғанын белгілі. Тәуелсіздік алған кезеңнен бері тілдің мұңын мұндап келе жатқан ақпарат құралдарының болашағына қатысты қабылданған заңның әсері күшті болды деуге болады. Дегенмен де масс-медиа (бұқаралық ақпарат құралы) халыққа ең қол жетімді

құрал болғандықтан, оның мемлекеттік тілді дамытуда рөлі өте жоғары. Тілге байланысты бағдарламада осы БАҚ-тың атқарар қызметі жайлы: «Мемлекеттік тілдің коммуникативтік қызметі нығаюда. Мемлекеттік БАҚ контентінде қазақ тіліндегі хабарлардың көлемі 70%-дан астам, 2750 БАҚ басылымдарының 68%-ы толық немесе ішінара қазақ тілінде шығады», - делінген [2]. Сонымен қатар қойылған мақсатқа қол жеткізудің екінші бағыты – мемлекеттік тілді қолданудың аясын кеңейту, қоғамдық өмірдің барлық саласына кіріктіру болып табылады. Осы бағытта мемлекеттік тілде хабар тарататын теле-радиоарналарын құру арқылы тілдік ортаны қалыптастырудағы БАҚ рөлін күшейтуге, балалар мен жастарға арналған қазақ тілді контентті кеңейтуге, мемлекеттік тілді оқыту үдерісін ұйымдастыруда медиалық саланың әлеуетін белсенді пайдалануға негізгі және шешуші екіпін түсіріледі. Сондай-ақ, онлайн нұсқаларын орналастыру арқылы қазақ тілді БАҚ-тарға жүйелі қолдау көрсету және қазақ тіліндегі интернет-ресурстарды мемлекеттік қолдау жүйесін құру да маңызды аспектілер қатарына жатады. Қоғамдағы тіл мәдениетінің қалыптасуына тікелей ықпал ететін адамдар ретінде, БАҚ қызметкерлеріне ана тілінің бүкіл талаптарын білуге ерекше мән беріледі. Қазақстанда 8248 тіркелген бұқаралық ақпарат құралдары (соның ішінде белсенділері 2513) жұмыс істеуде, олардың 212-сі электронды БАҚ [3]. Масс-медиа негізінен ірі қалаларда – Астанада, Алматыда және облыс орталықтарында шоғырланған. Әрі бұрынғысынша аудандық аз тиражды газеттерді шығару ісі де жалғасып келеді. Бір өкініштісі, еліміздегі басылымдардың негізгі бөлігі (85%) мемлекеттік емес болып табылады. Ал мемлекеттік басылымдар жергілікті әкімшіліктердің қолдауымен (билік органдарының өкілдері) елдің барлық аймақтарында жұмыс істеуде. Астана мен Алматыда бірнеше республикалық газет-журналдар шығарылады. Республиканың барлық аймақтарына мемлекеттік телевизия мен радиостанциялар хабар таратады. Еліміздің түкпір-түкпіріне мемлекеттік және жекеменшік

тарату жүйелері арқылы жетіп отырады. Ал электронды БАҚ-тар мемлекеттік эфир жүйелерін пайдаланады. Сонымен қатар хабарды кабелдік жүйе немесе спутник арқылы тарату жүйесі де жақсы жолға қойылған. Қазақстан телеарналарының бірқатары республика тұрғындарының жартысынан астамын қамтып, хабар таратады. Атап айтар болсақ, «Хабар», «Қазақстан», «Ел арна» - мемлекеттік телеарналар, жекеменшік - КТК, НТК, «Рахат», «Жетінші арна», «Астана», «31 арна» және т.б. телеарналар. Ал аймақтық масс-медиаға келер болсақ, Қазақстанның барлық жерінде мемлекеттік және жекеменшік бұқаралық ақпарат құралдары жұмыс істейді. Кейбір облыстардағы мерзімді және электронды БАҚ-тың саны басқа бір облыстардан едәуір артық. Аймақтардағы БАҚ саны тұрғындардың санына және сол аймақтағы ықпалды топтарға байланысты (ірі қаржылық топтар, өндіріс орындары, бизнес). БАҚ-тың санына қарай көшбасшы аймақтар қатарына Қарағанды, Павлодар, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан және Атырау облыстары жатады. Бұл облыстарда өзінің кәсібилігі және оқырмандарының көптігіне байланысты басылымдарының саны да артық. БАҚ-тың саны жағынан Қызылорда және Солтүстік Қазақстан облыстары артта қалып келеді. Басқа жерлерге қарағанда бұл облыстарда тұрғындар санының азырақ болуына байланысты масс-медиа саны да едәуір аз.

Соңғы кезде халық үшін өте тиімді болған ақпарат құралы – Интернет-медиа. Республикада соңғы мәлімет бойынша халықтың 6,5 миллионы интернет пайдаланады. Интернет-пайдаланушылардың өсуіне байланысты интернет басылымдарының саны да артып келеді. Олардың көпшілігі қоғамдық-саяси бағыттан гөрі, ақпараттық, ойын-сауықтық бағытты ұстанады. Оны интернет пайдаланушылардың негізгі бөлігінің жастар болуымен түсіндіруге болады. Сол сияқты мерзімді басылымдардың интернет-нұсқалары кең таралған. Көп жыл бойы Қазақстан мен одан тысқары жерлердегі жағдай туралы талдамалық материалдар мен жаңалықтарды жинап, таратумен айналысатын интернет-ресурстардың танымалдылығы да арта түсті. Кейінгі жылдары блоггерлер (блог авторлары), жүйелік күнделік авторларының саны өсіп отыр.

Негізінде, БАҚ-тың қоғамға қажетті көпжақты идеологиялық міндетін атқарудағы және рухы жоғары идеяны уағыздаудағы рөлі көптеп жетілуде. Әлеуметтік-психологиялық сипаты

күннен-күнге еселеніп барады. Оның қоғамдық қарым-қатынаста атқаратын саяси-әлеуметтік рөлі де алуан түрлі. Бүгінде БАҚ ағартушылық, насихаттық, ұйымдастырушылық, топтастыру жұмыстарын атқарып келеді. Осыған байланысты С. Шаймағанбетов: «Ежелден БАҚ, оның ішінде баспасөз құралдары, қазақ тілінің жазылу емшелерін сақтап, синтаксистік, грамматикалық барлық ережелерін бұзбай жазуға қатты мән береді. Керісінше радио мен теледидарлар оның айтылу, оқылу ережелері мен сөз сөйлеу ырғағына дейін көрші елдерге үлгі (эталон деуге болады) болып келгені, сонау кеңестік дәуірден жазылмаған қағида сияқты. Сол үрдісті ешкім осы күнге дейін ешқандай қаулы-қарармен жоққа шығармағаны хақ. Шындығында да, құжаттар дайындағанда қандай да бір сөйлем, сөз тіркесінің жазылу дұрыстығына көз жеткізу үшін апталық баспа беттеріне жүгінетінбіз», - дейді [4, 4б].

Соңғы жылдары республикада аймақтарды және онда басылып шығатын БАҚ-ты тілдік ұстаным бойынша бөлу байқалады. Оңтүстік және батыс аймақтарда қазақ тілінде шығатын газеттер едәуір көбірек болса, солтүстік, орталық және шығыс аймақтарда орыс тілінде шығатын басылымдар қаптап кеткен. Кейбір аймақтарда (Қызылорда, ОҚО, Жамбыл облысы) телехабарлар тұрғындар (негізінен этникалық қазақтар) қажеттілігіне сәйкес көбінесе қазақ тілінде таратылады. Республикалық деңгейде мерзімді басылымдар арасында орыс тілді басылымдар алдыңғы орында тұр, саны жағынан да қазақ тілінде шығатын газет-журналдар санынан асып түсіп отырғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Әйтсе де 2000-шы жылдар ортасынан бастап мемлекеттік тілде сөйлейтін азаматтардың көбеюіне байланысты, қазақ тіліндегі басылымдар санының өсіп, орыс тіліндегі басылымдардың қысқара басталғандығы байқалады.

Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Телерадиобағдарламалар таралуы туралы» Заңнамасында 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап масс-медианың 25 %-ы қазақша таралуға көшуі керек деген болатын, ал 2015 жылға 50%-дан кем болмауы тиіс делінген. Сонымен бірге мемлекеттік бағдарламаның екінші бағытында: «Мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту. Қол жеткізу жолдары және шаралар жүйесі: Тілдік ортаны қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлін күшейту керек», - деген бөлім бар [1]. Одан бөлек цифрлық телерадиохабарларын енгізу шеңберінде әртүрлі (балаларға, жасөспірімдерге арналған, спорттық, ғылыми-танымдық және

т.б.) телерадиоарналарын құру жайына да аса мән берген. Осы саясаттың негізінде «Балапан» және «Мәдениет» телеарналары тек қазақ тілінде таралатын болды. Елбасымыз да бұл тұрғыда журналистерге берген кезекті сұхбатында былай деген болатын:

- Тілдерді дамытуда БАҚ-тың рөлі өте маңызды деп есептеймін. Мысалы, «Балапан» телеарнасы толығымен қазақ тілінде көпшілікке таралады [5].

Қорыта айтқанда, алдағы уақытта қазақ баспасөзінің болашағы зор. Қабылданған заңның аясында қазақ тілінің мәртебесі де арта түспек. Сондықтан да қазақ елінің азаматы (оның ішінде өзге ұлт өкілдері де бар) - мемлекеттік тілдің қадірін түсіне білгені жөн. «Тілдің болашағы – ұлттың болашағы» екенін аңғаратын уақыт жетті.

#### Әдебиеттер:

1. Молдабеков Ж. Ақпараттық ресурс ұлттық құндылық. // [www.Kazgazeta.kz](http://www.Kazgazeta.kz).
2. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
3. Средства массовой информации // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
4. Шаймағанбетов С. БАҚтағы тіл тазалығы. // Егемен Қазақстан. 31.08.2011. – №401-404. – 4б.
5. Назарбаев указал, что к 2020 году в Казахстане «немцев» (безъязыких) в республике практически быть не должно. // [www.russianskz.info](http://www.russianskz.info)

\* \* \*

В статье рассматривается роль СМИ в развитии государственного языка.

В последнее время мы убедились в том, что роль массовой информации в развитии государственного языка велика. Так как средство массовой информации – это самый доступный вид сведений для народа. Статья была написана на основе «Государственной программы функционирования и развития языков на 2011-2020 годы».

\* \* \*

This article discusses the role of media in the development of state language.

Recently, we were convinced that the role of mass media in the development of the state language is great. Since the mass media - is the most affordable form of intelligence for the people. The article was written based on the "State program of functioning and development of languages for 2011-2020».